

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы .

Өткізген күні: 10 қыркүйек 2024 жыл

Қызметкерлер: 8 педагог

Ата-аналар: 35

Педкеңес төрайымы: Мусаева С

Хатшы: Қарасаева А

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы стандартымен таныстыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібі мен таныстыру. Топ тәрбиешілері мен таныстыру
2. Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту.
3. Кеңес беру: «Бөбекжайдағы адаптация»

Тыңдалды:

1. Бөбекжай директоры Мусаева С алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Балабақша күн тәртібімен, қызметкерлермен таныстырып және әр топтың жұмыс барысына тоқталып өтті. Балабақшаға балалардың жақсы көңіл күймен келуі тікелей ата-ана жауапты екенін яғни балалардың кешкі мезгіл уақыты ұйықтау керек екенін нақты айтып өтті. Ата-аналар мен балабақша тығыз байланыста болу керек екенін баса тоқталып өтті. Балаларды балабақша қабылдау тәртібін таныстырып өтті. Ата-ана жарнасын тәрбиешілерге немесе балабақшаға қызметкерлеріне ақшалай ұстатпауға белгіленген банк орталығына төлеу керектігін айтып өтті. Себепсіз балабақшадан баланы алып қалуға болмайтынын себепті анықтама немес өтініш жазу арқылы балалар қалдыратыны туралы айтып өтті. Әр топтың тәрбиешілерімен таныстырып, әр жас тобының жасына сай іс-әрекеттер күн сайын ойын түрінде өткізілетінін атап айтып өтті. Өз сөзін қорыта келе 2024-2025 оқу жылымен құттықтап сәттілік тіледі.

Екінші мәселе бойынша шағын орталықтың әдіскері У.Г. Нурмухамметова жаңа оқу жылымен құттықтап, ата-ана комитетін құрылымын бекіту керек екенін атап айтып бір ауыздан ата-ана комитетінің төрайымы болып №3 «Ботақан» тобы ата-анасы: Оразова Анар сайланды. Көмекшілері: Айтбаева. Л., Омарова Л.

Үшінші мәселе бойынша болып педагог-психолог Кулибаева Г. ата-аналарға арналған кеңесінде балалар шағын орталыққа бейімделуі туралы айтып өтті. Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып ортаға балаларды үйретуге болатынын атап өтті. Ата-аналарға ойын түрінде түсіндірді.

Шешімі:

1. Балабақша балаларды қабылдау жан-жақты бақылауға ұстауға балабақша медбикесіне жүктелсін.
2. Балалардың балабақшада бейімделуі балабақша тәрбиешілері ойын

әрекетін пайдалана отырып ұйымдастырылған іс әрекеттерде, ойын сауықтарда кіріктірілсін.

Жиналыс төрайымы:  С.Р Мусаева
Хатшы: А.Қарасаева